


ХОСПИС И ПАЛЛИАТИВНАЯ ПОМОЩЬ



Что такое хоспис и паллиативная помощь?

ПАЛЛИАТИВНАЯ ПОМОЩЬ — это подход, который позволяет улучшить качество жизни людей, столкнувшихся с неизлечимым заболеванием.

К счастью, времена меняются, и за последние годы всё больше людей узнают о том, что паллиативные отделения (хосписы) — это место, где не страшно, не больно и не одиноко. Это место, где ценят человеческую жизнь, сколько бы ее ни осталось.

Хосписная и паллиативная помощь это одно и то же?

Да, они строятся на одних и тех же принципах.

Само слово «хоспис» может использоваться в разных странах для обозначения определенной философии помощи, учреждения, где оказывается такая помощь, обозначения помощи, которую оказывают волонтеры, или помощи пациентам в последние дни жизни.

Термин «паллиативная помощь» более понятен и используется в медицинской среде.

Хоспис подходит только для последних дней жизни?

Существует распространенный миф о том, что, оказавшись однажды в хосписе, человек из него уже не выйдет. Это не всегда так. У каждого пациента своя индивидуальная ситуация. Кто-то выписывается из хосписа домой после подбора обезболивающей терапии, а кому-то без круглосуточного медицинского наблюдения действительно не обойтись.

Если пациента нельзя вылечить, это не значит, что для него ничего нельзя сделать. То, что кажется мелочью, пустяком в жизни здорового человека, для пациента имеет огромный смысл.

Что включает в себя паллиативная помощь?

Паллиативная помощь включает в себя не только медицинскую помощь, но и социальную, психологическую и духовную поддержку, потому что никто не должен в конце жизни страдать от боли, страха и оставаться один на один со своей бедой.

Работники паллиативных (хосписных) служб проходят специальное обучение по уходу за пациентами на поздних стадиях заболевания. В их команду могут входить: врач, медицинская сестра, психолог, специалист по физиотерапии (инструктор ЛФК, массажист), социальный работник, специалист в области арт-терапии, младший медицинский персонал, волонтеры.

Как можно получить паллиативную помощь?

Для этого необходимо обратиться к лечащему врачу. Врач должен определить, что у пациента имеется неизлечимое заболевание на последней стадии и он имеет медицинские показания для паллиативной помощи, а врачи паллиативного отделения заключат, что они могут удовлетворить потребности пациента.

В таком случае мультидисциплинарная группа медицинской организации (поликлиники, онкодиспансера, больницы) выдаёт заключение о необходимости оказания паллиативной помощи.

Где можно получить паллиативную помощь?

По желанию пациента она может оказываться как на дому мобильной выездной бригадой, так и в паллиативных отделениях организаций здравоохранения, центрах социальных услуг (дома престарелых) и хосписах.

Госпитализация в паллиативные отделения в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи осуществляется в плановом порядке по направлению поликлиники по месту прикрепления.

Что нужно знать о паллиативной помощи в условиях стационара

В Центре паллиативной помощи:

НЕ устанавливается диагноз (в стационар на паллиативную помощь направляют пациентов на основании тяжести состояния и с уже установленным диагнозом);

НЕ проводится дополнительная диагностика;

НЕ проводится специализированное лечение;

НЕ оказывается экстренная помощь при острых состояниях и заболеваниях;

НЕ проводятся реабилитационные мероприятия;

НЕ проводятся хирургические операции;

НЕ проводятся химиотерапия и лучевая терапия, то есть лечение не продолжается;

НЕ лечатся инфекционные заболевания;


НЕ лечатся психические заболевания, однако принимаются пациенты с психиатрическими диагнозами ВНЕ обострения;

НЕ проводятся реанимационные мероприятия;

НЕ переливаются компоненты крови.

Если пациенту требуется специализированное лечение или экстренная помощь, то его переводят в другую медицинскую организацию по показаниям.

ХОСПИС ЖӘНЕ ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК



ХОСПИС ЖӘНЕ ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК – жазылмайтын ауруға шалдыққан адамдардың өмір сүру жағдайының сапасын арттыруға бағытталған көзқарас.

Сәтімізге орай, уақыт өзгерісімен соңғы жылдарда көптеген адамдардың паллиативтік бөлімдердің (хоспистардың) қорқынышты емес, аурғаныңды білдіртпейтін, жалғыз екеніңді сездіртпейтін жер екеніне көздері жетіп жатыр. Бұл жер қанша өмірің қалса да, адам өмірінің қадірін білетін жер.

Хоспистік және паллиативтік көмек дегеніміздің мағынасы бір ме?

Иә, олар бір ұғымға негізделген.

«Хоспис» сөзінің өзі әртүрлі елдерде күтімнің белгілі бір философиясына, осындай көмек көрсетілетін мекемелерге, еріктілер көрсететін көмекті белгілеуге немесе өмірінің соңғы күндеріндегі науқастарға күтім көрсетуге қатысты қолданылуы мүмкін.

«Паллиативтік көмек» термині түсініктілеу және медициналық ортада қолданылады.

Хоспис тек қана өміріңнің соңғы күндеріне ғана қатысты ма?

Хосписке түскен адам, ол жерден енді қайтып шықпайды деген жалпы аңыз қалыптасқан. Бірақ ол барлық жағдайда бірдей болмайды. Әрбір науқастың жекеленген өз жағдайы болады. Кейбір адамдар ауруды басатын терапияны таңдағаннан кейін хоспистен үйіне шығарылады, ал басқалары тәулік бойы медициналық бақылауды қажет етеді.

Егер науқасты емдеу мүмкін болмаса, бұл оған ештеңе жасау мүмкін емес дегенді білдірмейді. Дені сау адамның өміріндегі ұсақ-түйек болып көрінетін нәрсенің науқас үшін мағынасы ерекше болып табылады.

Паллиативтік көмек нені қамтиды?

Паллиативтік көмек тек медициналық көмекті ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, психологиялық және рухани қолдауды да қамтиды, өйткені ешбір адам өмірінің соңында ауру сезімінен, қорқыныштан зардап шекпеуі және өзінің бақытсыздығымен жалғыз қалмауы керек.

Паллиативтік (хоспистік) қызмет жұмысшылары аурудың кейінгі кезеңдеріндегі науқастарға күтім жасау үшін арнайы дайындықтан өтеді. Олардың командасына дәрігер, мейіргер, психолог, физиотерапия маманы (Емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, массажист), әлеуметтік қызметкер, арт-терапия жөніндегі маман, кіші медициналық персонал және еріктілер кіруі мүмкін.

Паллиативтік көмекті қалай алуға болады?

Ол үшін науқас өзінің емдеуші дәрігерімен кеңесуі қажет. Дәрігер науқаста соңғы сатыдағы жазылмайтын аурудың бар екендігін және паллиативтік көмекке медициналық көрсеткіштерін анықтауы қажет, ал паллиативтік көмек бөлімінің дәрігерлері науқастың қажет-

тіліктерін қанағаттандыра алатынына кепілдік беруі керек.

Бұл ретте медициналық ұйымның көпсалалы тобы (емхана, онкологиялық диспансер, стационар) паллиативтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды береді.

Паллиативтік көмекті қай жерде алуға болады?

Науқастың сұранысы бойынша оны мобильді топ үйінде де, денсаулық сақтау ұйымдарының паллиативтік бөлімшелерінде, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында (қарттар үйі) және хоспистерде де қамтамасыз ете алады.

Паллиативтік бөлімшелерге жатқызу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі шеңберінде науқас есепте тұрған емхананың жолдамасы бойынша жоспарлы түрде жүргізіледі.

Стационар жағдайында көрсетілетін паллиативтік көмек туралы не білу қажет?

Паллиативтік көмек орталықтарында:

- Диагноз ҚОЙЫЛМАЙДЫ (стационарға паллиативтік көмек көрсету үшін науқастардың жағдайының ауырлығы бойынша және бұрынғы анықталған диагнозымен жіберілінеді);
- Қосымша диагностика ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ;
- Арнайы ем көрсетілмейді;
- Аурудың қатты асқынған жағдайларда жедел медициналық көмек КӨРСЕТІЛМЕЙДІ;
- Сауықтыру шаралары ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ;
- Ота ЖАСАЛМАЙДЫ;
- Химиотерапия және сәулелік терапия ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ, яғни емдеу жалғастырылмайды;
- Жұқпалы аурулар ЕМДЕЛМЕЙДІ;
- Психикалық аурулар ЕМДЕЛМЕЙДІ, бірақ психиатриялық диагнозы бар науқастар ауруы қозбаған кезде қабылданады;
- Ешқандай реанимациялық шаралар ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ;
- Қан компоненттері ҚҰЙЫЛМАЙДЫ.

Егер науқасқа арнайы ем немесе жедел медициналық көмек қажет болса, науқас, көрсеткіштері бойынша, басқа медициналық ұйымға ауыстырылады.